


Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министірлігі
Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университет

Мектеп пен сынып ұжымына бірегей педагогикалық талаптар

Орындаған: Тұрсын Ажар
Тобы: 102-16
Қабылдаған: Сауытбаева И.

Шымкент 2019

Жоспар:

1. Мұғалім- отбасы мен мектептегі ынтымақтастықты қалыптастырушы.
 2. Сыныпта ата-аналар кеңесіне педагогикалық басшылық жасау әдістемесі.
 3. Отбаслармен жеке жұмыс жасауға дайындық әдістемесі.
- 



**Отбасы –
отанымыздың ошағы.
Отбасында адам
бойындағы асыл
қасиеттер жарқырай
көрініп, қалыптасады.
Отанға деген ыстық
сезім - жақындарына,
туған - туысқандарына
деген сүйіспеншіліктен
басталады.
Н.Ә.Назарбаев**

Мұғалім- отбасы мен мектептегі Ынтымақтастықты қалыптастырушы

- Бүгінгі күнгі педагогтардың, отбасы мен жұртшылықтың күш-жігерін үйлестіріп отыру – сынып жетекшісінің міндеті. Баланың алғашқы тәрбиешісі ата-ана десек, баланың көзқарасы және нанымы, мінез-құлық дағдылары мен әдеттері отбасында қалыптасады. Ал бала тәрбиелеуде, оқытуда мектеп шешуші роль атқарады. Мемлекет балаларды тәрбиелеуде отбасыға мектеп арқылы көмектесіп, отбасылық тәрбиенің мазмұны мен ұйымдастырылуына әсер етіп отырады. Яғни мектеп мемлекеттік мекеме есебінде жасөспірімдер мен жастарды дұрыс тәрбиелеуде отбасына жәрдемдесуге, ата-аналар арасында педагогикалық насихатты белсене жүргізуге міндетті.
- Зерттеу жұмысын жүргізе отырып сынып жетекшісі балалар тәрбиесін тиімді ұйымдастыруда ата-аналармен байланысады. Олар әр түрлі формада ұйымдастырылады.
- Сынып жетекшісінің ата-аналармен ынтымақтасқан бірліктегі еңбектерінің бағыттары іс жүзінде іске асырылса, онда тәрбиелеу тиімді болады, тәрбие сағаттары, кәсіптік бағдар, экскурсиялар, сайыстар, олимпиадалар мақсатымызға жете түсуге негіздеме бола алады.

Отбасы тәрбиесі.

Ата-ананың баласына қалдыратын ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеу. Мектептің отбасы тәрбиесіне ықпалын арттыру үшін ата-аналарға мектеп есігін айқара ашып, балалармен өткізілетін әр түрлі тәрбиелік іс-шаралар мен сабақтарға қатысуына мүмкіндік туғызуы қажет. Тіпті кейде ата-аналар арнай дайындықты талап ететін үйірмелерді басқаруға саяхаттар мен серуендерді ұйымдастыруға шақырылады. Оларға оқушылар тарапынан концерттер мен қойылымдар, көрмелер ұйымдастырылады. Мұғалімдер мен сынып жетекшілері қажет болғанда отбасына оқушы арқылы баласының сабақтағы үлгерім жетістіктері мен ұнамды әрекеттері жайлы хабарлап, хаттар жолдайды. Мектептің ата-аналармен жүргізілетін негізгі мақсаты: ата-аналар мектепті балаларының шын жүрегімен қабылдайтын үйі деп санап, өздері де мектеп жұмысына көмектесуге дайын болуын қамтамасыз ету; ата-аналарды отбасында балаларымен өзара ынтымақты қарым-қатынаста болуға үйрету. Осындай мақсатпен мектептің әдістемелік бірлестігі отбасы тәрбиесі мәселелері бойынша ата – аналар семинарларын ұйымдастырады. Онда ата – аналар балалардың дамуға, есеюге, бостандыққа ұмтылуының табиғатын және баланың бойында рухани байлықты қалыптастырудың маңыздылығын, ол үшін қоршаған ортадан сүйіспеншілік сезімін, мейірімділік пен сыпайылықтың қажеттілігін біледі. Ата – аналар балаларымен ынтымақты қарым – қатынас нақтылы әдістерін үйренеді, отбасында пайда болған өзара түсініспеушіліктерге байланысты жеке дара кеңестер беру ұйымдастырылады.

Сыныпта ата-аналар кеңесіне педагогикалық басшылық жасау әдістемесі.



**Ата-аналармен
жүргізілетін
жұмыс
формалары**

Даралық

**Педагогикалық
лекция**

Ашық есік

**Сұрақ-жауап
кеші**

Бұқаралық

**Дөңгелек
үстел**

**Жиналыс
-диспут**

Топтық

**Жалпы
Ата-аналар
жиналысы**

**Топ ата-аналар
жиналысы**

Отбаслармен жеке жұмыс жасауға дайындық әдістемесі.

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру анық озыңқы сипатта болуы тиіс. Сондықтан мен ата-аналар жиналысының барысында талқылау үшін тақырып ұсынып қана қоймай, білім беру тақырыптарын таңдауда ата-аналардың ұсыныстары мен тілектерін де ескеріп отырамын. Бұл үшін мен ата-аналар жиналысына әртүрлі бағыттағы мамандарды: дәрігерлер, заңгерлер, психологтарды, әлеуметтік педагогті, пән мұғалімдерін (олардың кейбіреулері – менің оқушыларымның ата-аналары екенін ескерте кеткенім жөн) шақырамын. ата-аналарда мектептік білім беру-тәрбиелеу процесіне талпынысты қалыптастыру үшін, олардың зейінін балалардың мектепті аяқтап, өз бетімен өмір сүруге аттанатын шақ жақын қалғанына, сонда олардың көптеген шешімді өз бетімен қабылдап, сол үшін жауапкершілік арқалауға тиісті болатынына аударамын. Сондықтан құқықтық және адамгершілік мәдениет мәселелері менің сыныбымдағы ата-аналар жиналысының тақырыбы болып табылады.